



Ақын, журналист. Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының лауреаты, Бауыржан Момышұлы атындағы "Намыс" орденінің иегері.

"Жүрөгімдесіңдер менің", "Ақша бүлттар арасында арман бар", "Көнілімде боздап тұрды бозінген" атты жеке жыр кітаптары жарық көрді. Өлеңдері бірнеше топтама жыр жинақтарына енген.

Қазір "Қазақстан - Тараз" телеарнасында редактор болып қызмет атқарады.



Molia & DOS
БАСПАСЫ
+7 (727) 264-47-27

ГАЙНИ ӘЛІМБЕКҚЫЗЫ

84(5163-4746)
D55

Жыр Айна

Жыр Айна



ГАЙНИ ӘЛІМБЕКҚЫЗЫ

25 (50 жаңы = 125 жаңы)
25



Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің
25 жылдығына арналады

ҒАЙНИ ӘЛІМБЕКҚЫЗЫ

Жыр АЙНА

Өлең кітабы



413



8A(51da3=adCam)

ӘОЖ 821.512.122-1

Ә55

Ә55 Әлімбекқызы F.
Жыр АЙНА: Өлең кітабы / Файни
Әлімбекқызы – Алматы: «Molia & DOS» баспасы,
2016. – 136 бет.

ISBN 978-601-7129-33-0

Халқымыздың ақық жыр маржанынан алқа таққан
арқалы ақын Файни Әлімбекқызы баспамыздан
бұдан бес жыл бұрын туған еліміз Тәуелсіздігінің
20 жылдық мерекесі қарсаңында жыр жинағын
шығарған еді. Араға 5 жыл салып тағы да Егемен
Еліміздің ширек ғасырлық тойы қарсаңында жыр
сүйер қауымға жаңа жинағын ұсынып отыр. Бес
белес еліміз үшін де, отансүйгіштік, адамгершілік,
азаматтық ұстанымы айқын ақын үшін де рухани
осу, шұрайлы шабыт, табыс өлкесі болғанға ұқсайды.
Түгелдей дерлік жаңа өлеңдермен толықтан жыр
шашу оқырманын бейтарап қалдырmas деп сенеміз.
Орта толсын, өнер сүйер қауым!

ӘОЖ 821.512.122-1

© Файни Әлімбекқызы, 2016
ISBN 978-601-7129-33-0 © «Molia & DOS», 2016



ӘМПРДІҢ АЛДА ЖАЗЫ МЫҢ

Қақым жоқ деуге, сенделдім,
Өлеңмен, әнмен емделдім.
Намысын қолдан бермейтін,
Қазақ деген елденмін!





МЫҢ ДА БІР ШҮКІР, АЛЛАҒА

Мың да бір шүкір, Аллаға,
Өмірді бұрған ариға.
Қол ұшын берген өзіңсін,
Тигенде басым жарға да.

Мың да бір шүкір, Аллаға,
Қанағат жоққа, барға да.
Адамды адам ететін,
Кіршіксіз таза арғана,

Мың да бір шүкір, Аллаға,
Жанымда бақыт, жан бала.
Құдіреті шексіз өзіне,
Тәубе етем кеште, тандада да,
Мың да бір шүкір, Аллаға!



**ТОПЫРАҒЫНДА ЖҰМАҚТЫҢ КІЛТІ
ҚАЛҒАН**

Қасиетті, қиелі дара мекен,
Саған деген көnlім алабетен.
Тұған жерге құстар да оралғанда,
Қанаттарын биікке қағады екен.

Көбелектей гүлдерге дамылдаған,
Қырларында балалық шағым қалған.
Таңғы шықтай тазалық тұнып тұрған,
Кездерім аз ауылды сағынбаған.

Ұлы дала-жусаны бұрқыраған,
Өзен, көлі, таулары, бұлты да аман.
Тұсауымды кескен жер, ата қоныс,
Топырағында жұмақтың кілті қалған.

Тұсауымды кескен жер-арман әнім,
Бір өзіңнен басталды қадамдарым.
Еркелеген Таластай толқып тұрып,
Сүйемін қазақ жерін, адамдарын.

ХАЛЫҚТАН АЛҒЫН БАТАНЫ

Жанымды менің түсінген,
Сабама әркез түсірген.
Халықтан асқан жақын жок,
Ұлық та болса кішірген.

Жасымды сұртіп құрғатқан,
Анамдай қамқор үн қатқан.
Халықтың дархан жүрегі,
Ақын қып мені жырлатқан.

Айырып ақ пен қарасын,
Беретін әділ бағасын.
Халықтан асқан дана жок,
Әркімнің білген шамасын.

Көңілі көлдей тасыған,
Сыры жоқ сенен жасырған.
Кіршіксіз таза сәбидей,
Пейілі үшін бас ұрам.

Өзіңмен таңым атады,
Қасірет шексең батады.
Төбең көкке жетсе де,
Халықтан алғын батаны.

ЫСТЫҚ КҮЛШЕ

Мен жүрерде орамал ап қолына,
Жан анашым, сәл мұндана, торыға.
«Сағындырмай келіп жүр», - деп құлымын,
Ыстық күлше орап берген жолыма.

Күн тәрізді ыстық күлше бабында,
Піскен екен оттың ыстық табында.
Озгеше бір сезім күй боп шертіліп,
Бір елестер қалып қойған жадымда.
Соғыс кезі елдің солып назары,
Балалардың бір ашылмай ажары,
Нанға тоймай қайдан ғана ойнасын,
Тым ертерек тарқаған соң базары.

Талғай таппай, талып барып өзектер,
Танға жуық жетуші еді кезектер.
Олшеп берген үзім нанға ұмтылып,
Балалық шақ қалай ғана тез өткен.
Бұл күндөрі береке мол-баршылық,
Болмағандай ашаршылық, таршылық.
Кейбіреулер көрмеген боп өтеді,
Жатса да нан аяқ асты жаншылып.

«Жерде жатқан нанды алуға арланба,
Наннан асқан қасиетті дәм бар ма?,-
Дейтін анам, - елдің маңдай тері бұл»,
Нан қадірін түсінбейтін жандарға.

Жанарымнан мөлдір тамшы ағыла,
Ауылымға асығамын тағы да.
Үнсіз іштей тағым еттім иіліп,
Туган жердің анам жапқан нанына.

Файни Әлімбекқызы



Жыр АЙНА



АЙТАРЫ ЖОҚ

Айтары жоқ, өмір деген керемет,
Әр тағдырға қойған бізді шегелеп.
Сәтсіздіктер жолыққанда болмашы,
Жаратқанға өкпе айтуға шебер ек.

Айтары жоқ, өмір кейде мұндылау,
Кейде шаттық, бір қуаныш, бір құлау.
Сені жақсы көретін жандар барда,
Өмір қызық, мағыналы, құндылау.

АДАМДАРҒА СЕНУДІ ДОҒАРМАДЫМ

Адамдарға сенуді доғармадым,
Сенімменен көктеді көп арманым.
Өзі емес өзгелер деп өрекпиңі,
Алдыға түсіп алар шабарманың.

Қанатымды қағамын шаршағанша,
Үмітімді жағамын қалса қанша.
Құс жолындай ағарып тұратүғын,
Жүректерге ақ нұрдан жол салғанша.

АВТОПОРТРЕТ

Таң атып келеді,
Жұлдыздар сөнеді.
Қолында ақынның,
Өлеңі- бөбекі.

Аққағаз-өмірі,
Шабыты-көрігі.
Қасыңда елеңдеп,
Сезімі -елігі.

Ұмытып барлығын,
Өмірдің тарлығын.
Шаттанып қабылдар,
Тағдырдың жарлығын.

Дүние кендігін,
Қолыңа берді кім?
Ақиқат жолында.
Буылды белдігің,
Осы деп елдігің.

**ЖЕЛМЕН БІРГЕ ЖАПЫРАҚТАР
БИЛЕП ЖҮР**

Күн де, тұн де қарашада тұнжырап,
Суық жаңбыр, жапырақтар тұр жылап.
Тіршіліктің дәні қымбат болса да,
Жүргімнің өлеңдері құндырақ.

Қарашаның қаздарындай мұндарым,
Тұн үйқымды төртке бөліп үрладын.
Желмен бірге жапырақтар билеп жүр.
Ей, адамдар арман әнін тындағын.



ҰСТАНДАР МЕҢІ, ҰСТАНДАР

Ұстандар мені, ұстандар,
Жан-жағымнан қыспаңдар.
Жанымды менің түсінер,
Аспанға бірге үшқандар.

Ұстандар мені, ұстандар,
Өзгермес менде ұстам бар.
Өмірді құлай сүйдірген,
Достарым мен дүшпандар,
Ұстандар, мені ұстандар.



**ӘЖЕ СЕҢІҢ КӨП ҮЛЕСІҢ БАР
МҮНДА**

Жолаушымын жолға шықкан буынып,
Желбіреткен жүргегінің туын нық.
Әжесінің етегіне жармасқан,
Ерке қызды өмір алды куырып.

Ақ айраны күбісінде күрпілдеп,
Арасында жөтөлетін күркілдеп.
Отыратын құрт сығымдағ екеуі,
Кепкендерін қалтаға сап біргіндеп.

Ұмытпаймын асыл әже, аяулы,
Тағдырынан көрмеген бір аяуды.
Тұған елден қиян асып шет жерде,
Қайыспастан өмір кешкен қаяулы.

Парызым көп өтелмеген алдында,
Сұрауы бар қыста жауған қардың да.
Ақын болып дүйім елге танылсам,
Әже сенің көп үлесің бар мұнда.

МАХАМБЕТТИ САТҚАНДАР...

Өмірде көп арсыздар,
Жең үшынан жалғасқан.
Соқыр кеуде жансыздар,
Қанден иттей таласқан.

Махамбетті сатқандар,
Әлі де жүр арада.
Сәкендерді атқандар,
Толып кетті қорама.

Жерде жүрген әмірі,
Танымайды тәнірді.
Тайып кетсе бір күні,
Сорлы болар кәдімгі.



ҚЫРАН ДАЛАМ

Сөзі майда тұлкілер бұрандаған,
Бір күн бүріп алады қыран далам.
Жасандылық жанымды жабырқатып,
Жалықтырды тобырлар ұрандаған.

Батырлардың даласы, тұлпарлардың,
Биіктеге ұшатын сұңқарлардың.
Топырақты басуға қақысы жоқ,
Қадіріне жетпеген ұтандардың.



ҚАЗАҒЫМНЫҢ ШЫҒАРҒЫН ДАҢҚЫН, БАЛАМ!

Айнымайтын бет алған бағытынан,
Жаңылмайтын тұлпардай шабысынан.
Құзар шындан күркіреп ағатұғын,
Өзендердей бүрылмас ағысынан.

Жаралғандай жасындай жарқылдардан,
Қайнап жатқан бұлақтай сарқылмаған.
Жүргегіне сыйдырған кең даланы,
Қазағымның шығарғын даңқын, балам!



**АЙНАЛҒАНДА БҰЛДЫРАҒАН
САҒЫМҒА**

Өзге ұлттың байлығына тамсанып,
Қоймадың ғой мақтау айтып, жар салып.
Біреулердің қаңсығына таңсық бол,
Өз-өзінді төмендettің қаншалық.

Қара сумен нан жесең де тарынба,
Арам жолмен келген байлық карында.
Шетелдікке кеткен қыздан не пайда,
Айналғанда бұлдыраған сағымға.

Үрпактары ана тілін ұмытқан,
Жүрдай болар ата дәстүр ғұрыптан.
Қазақ деген ділін, дінін сақтаған,
Нөр алатын мөлдір бұлақ тұнықтан.


ЖЫРЛАЙМЫН, ТАРАЗ ӨЗІНДІ

Сағындым көне шаһарым,
Жүрекке жалын, от алдым.
Өзіңмен таңым ағарып,
Білемін күннің батарын.

Көшіне жырдың ілесіп,
Тағдырмен қатал тіресіп.
Арманның жүрмін соңынан,
Өмір үшін күресіп.

Келемін таныс соқпақпен,
Барынша арды сақтап мен,
Жырлаймын, Тараз өзінді,
Қалғанша соңғы тоқтап дем.





**ӨМІР ДЕГЕН-БІР ӘКІНІШ,
БІР ҚАЙФЫ**

Сөнді оның, соңғы үмітшырағы,
Қатал тағдыр аямады қырағы.
Шалқып сейлеп, қалқып көкте жүрмейді,
Қара жерде мәңгі енді тұрағы.

Кез жасындаған төгіп тұрган ақ жаңбыр,
Адамдарды ойландырып, толғандыр.
Өмір деген - бір әкініш, бір қайфы,
Мұн, қуаныш, қол жеткізбес арман бұл.

ТАЗАЛАНСАҢ - ЖАРЫҚСЫҢ

Жастығынды көрмедім,
Жаның кірлемеп кетіпті.
Құлық, сұмдық өрмегін,
Жүргегіңе бекіпті.

Оттай кезің лапылдар,
Қоламта боп қалыпсың.
Ана деген атың бар,
Тазалансаң-жарықсың.

**ҚАРАПАЙЫМ ҚОҢЫР КҮЙДІ
КЕШКЕНДЕР**

Өзгермеді тіршілігім, тірлігім,
Достан басқа қадірімді білді кім?
Болу қайда бүтінгінің қазағы,
Кімге қажет шырылдама шындығым.

Жетер емес дауысым да жаңғырып,
Түйсіксізге көрінерсің әнгудік.
Атак-манасап, байлығынан не пайды,
Күн-көріс деп кетсе халық қаңғырып.

Ат мінгендер ерттеп мініп тоқымын,
Шіренеді тастап сүйек-қоқымын.
Қарапайым қоңыр күйді кешкендер,
Шүкір, - дейді қасып алып қотырын.

Кім түсінер жүректерін олардың,
Арсыз болсаң - күзгі талдай тоналдың.
Бәрі бірдей жаратқаның алдында,
Келер бақыт құшақ жайып қол алғын.



**МӘҢГІ ҒАШЫҚ АЙША БИБІ,
ЖІБЕККЕ**

Бағынатын сезіміне, жүрекке,
Көнбейтұғын күш иесі білекке.
Ай-жүлдышын сырласатын ақын қызы,
Мәңгі ғашық Айша бибі, Жібекке.

Куанады күліп ақса жылғалар,
Қол бұлғайды тырауласа тырналар.
Аққу әнін жалықпайды айтқаннан,
Ерте-кеш пе бақыт оты бір жанар.



БАҚЫТТЫ БИЛЕТТЕЙ

Кіршіксіз көңілді кірлетпей,
Жүректен сағыныш жыр кетпей,
Тағдырға өзінді түйретпей,
Арманның жеңілкендік күйретпей,
Атынды жаманға тілдетпей,
Басыңнан жүрсінші сый кетпей.
Өткен күн-сарғайған суреттей,
Елесін бүгінге сүйретпей,
Болса да болмысың бірбеткей,
Бұл өмір қоймайды үйретпей.
Адалдық бойыңнан бір кетпей,
Берілген өмірді бағала,
Қолдағы бақытты билеттей.

ХАН АПА

Қайтсем, апа мұңынды жеңілдетем,
Жүрек сыздап, бүгінде көніл де кем.
Жаныңыздың жарасын қалай жазам,
Пенде болып бір сәтке шегінбесен.

Жалаңақ бассаң да шоқтарынды,
Тастамадың аяулы соқпағынды.
Әлі сүйреп келесіз қан ағызып,
Жер бетінде құрылған қақпанынды.

Қайсарлыққа сіздегі таңғаламын,
Өлең болып кеткенде бар ғаламың.
Бақ пен соры аралас ақындықтан,
Міз бақпайсыз қалса да құр қаламың.

Бір Алланың рахымы иіп берген,
Халқыңыз бар іздейтін биіктерден.
Бақыт деген, Хан апа, осы шығар,
Бұл өмірде сүйіп те, күйіп көрген.

ӨМІРІНЕ СЕРІК ЕТІП ҚАЛАМЫН
/Қазақстанның еңбек сіңірген
қайраткері Мейрамбек Төлепбергенге/

Жүрегінде асқақ рух бар, сан арман,
Адамдықтан, адалдықтан жаралған.
Жусан исі, боз даласын сағынып,
Тұған жерге жылқұсындаі оралған.

Тобылғысы, сексеуілі гүлдеген,
Құмы ән сап, қиял отын үрлеген.
Бала күні асыр салып қырда жүр,
Қолын бұлғап санада көз ілмеген.

Өміріне серік етіп қаламын,
Жетісудан бастап еді қадамын.
Жақсылардың жүріп талай қасында ,
Фибратымен алды өмір сабағын.

Ортасынан шықкан дана халықтың,
«Сыр-пернеде» талайларды таныттың.
Көленкесіз көнілдің сәулесімен,
Ел сүюді басқаларға дарыттың.

Мекендереген Алатаудай биікті,
Ұлағатты көкірекке түйіпті.
Адамдардың алғысына бөленіп,
Бақыт көрсін ұл-қызынан сүйікті.

ҚАРА ҚӨЗІЛДІРІК

Көзімде қара көзілдірік,
Жүректі жүрміз езілдіріп.
Айнала жақсы адамдар,
Өмірдің нұрын сезіндіріп.

Көзімде қара көзілдірік,
Қашамын келсе сезім күліп.
Жаманмен жолын бір болса,
Артыңдан жүрер сөз ілдіріп.

Көзімде қара көзілдірік,
Бәрінен тұрғой безіндіріп.
Жұмбағы көптеу жанымның,
Шешуін жалғыз өзім біліп.



ҚҮНДЕРІМ МЕНИҢ

Құндерім менің шапағын шашыратқан,
Бұлақтардай таулардан тасып аққан,
Айықтырышы тұманнан басып жатқан,
Ажыратшы түйіннен басы қатқан.
Қуандырышы жандарды жасы аққан,
Жылындырып отына досы жаққан,
Балалықтан нәр беріп асық атқан,
Арманына асылтыр тосып жатқан.

ҒАШЫҚ БОЛЫП ӨМІРГЕ

Буырқанып теңіздей тыншымадым,
Ақындықтың көрмедім күншуағын.
Қар аралас, жаңбырды кешіп жүріп,
Ғашық болып өмірге құлшынамын.

Жалаңаяқ жүгіріп майсаменен,
Бала болып өмірді қайталар ем.
Елдің бәрі жүрегін ашып тастап,
Бір-біріне құшағын жайса дер ем.

ӨЛЕҢДЕ ҚАЛДЫ ҚИМАС КҮН

Мазасыз тірлік, күй кешіп,
Бітпейтін ойды илесіп.
Бәріне өмір көндірдің,
Кетпеген соң үйлесіп.

Жанымды жайдым жасырмай,
Арымды сақтап асылдай.
Жер басып қалай жүреміз,
Шындыққа біздер бас ұрмай.

Қырандай еркін қалықтап,
Сәбидей таза шалықтап.
Өзінмен-өзің жүрсөн де,
Жатады кейде шалып қап.

Сен оған мүлде жұмбақсың,
Періште-өлең қымбатсың.
Бұлақтай көңіл тазарып,
Асқақтап рухың үн қатсын.

Қаншама жылдар сырласпрын,
Сүюден сені тынбаспрын.
Жанымның жазған жарасын,
Өлеңде қалды қимас күн.

О, бастан ақын атыңыз,
Бар болар мұнға қақыңыз.
Байлығың, бағың, қазынаң,
Өлеңің-ұшбу хатыңыз.

КҮНБАҒЫСТАЙ АЙНАЛДЫМ

Көңілін бақтым бар жанның,
Түсініп оның ар жағын.
Күнбағыстай айналдым,
Жүрекке салып салмағын.

Алланың шексіз рахымы,
Оған бір-акын, экімі.
Ақ жолдан тайсаң болғаны,
Өмірдің болар ақыры.

ӨЛЕҢІМДІ КҮТУМЕН...

Көңілімді бұлақтай тазартамын,
Шуағына оранып жаз-ортаның.
Басқаларға айтылmas сырларымның,
Ақ қағазда ғұмырын ұзартамын.

Күз жапырақтар көз жасын сығымдаған,
Құстар қайда ән салып шуылдаған.
Әлі отырмын толғатып, тебіреніп,
Өлеңімді күтумен туылмаған.

ҚАЗАҚ ӘЛІ ШУЫЛДАП ДАУРЫҒУДА

Қазақ әлі шуылдап даурығуда,
Жеті жарғы жүрмейді қаулы мұнда.
Жетім-жесір жылайды босағада,
Көздің жасын сығымдап жаулығына.

Дүниені мәңгі деп күрып алған,
Көңіл қалды «данышпан, ұлылардан».
Өткен күнде, бүгінде орны толмас,
Құлагердің өтеусіз құны қалған.

Қалың елді көндіріп айдауына,
Шоқпар байлап түсүде сайлауына.
Үйіп-төгіп уәде беріп жатыр,
Ешкім кепіл бермейді таймауына.

Елдің атын жамылып көсіледі,
Бар мәселе ақшамен шешіледі.
Топты жарған тұлпарлар тұсауланса,
Ақымақтар шетінен есіреді,

Жүрек барда қатыгез қиялатын,
Алла деп ақ жасайды қиянатын.
Құбылаға қарайды иман тілеп,
Елге қарар бет бардай ұялатын.

ОЙ ТҰБІНЕ ЖЕТКІЗБЕЙДІ ЕШҚАШАН

Өмір күрес десек тағы шаршаймыз,
Есейгенде бала күнді аңсаймыз.
Ой тұбіне жеткізбейді ешқашан,
Уақыт келсе бір-ак күнде қаусаймыз.

Не бітірдім, бұл өмірде өтпелі,
Кімдер риза, кімдер маған өкпелі.
Қолдан келсе адамдарды қуантып,
Бақыт күйін төксін сезім шектері.



ДҰҒА ОҚЫП КҮБІРЛЕЙМІН ІҢІРДЕ

Бәрі бекер, бәрі өтер тұбінде,
Жоктан өзге болмашыға түңілме.
Тәңірімнен медет тауып жаныма,
Дұға оқып күбірлеймін іңірде.

Бәрі бекер, бәрі өтер ғайып бол,
Тірі кезде айтар өкпе, айып көп.
Бес күн жалған, бес күн арман өмірде,
Адамдарды бірі-біріне байыпты ет.



ЖАУЛЫҒЫНДЫ ЖЕЛКЕН ЕТІП КЕМЕМЕ

Жыл өткен сайын сағынышым ұлғайды,
Сен дегенде жасым қашан құрғайды.
Қыындықтан қаймықпаған анашым,
Сенің бейнең өмір бойы шындаиды.

Жүрегінді колға ұстап жететін,
Біз едік қой бар тілегің, зекетің.
Мейірімге шібімдышырп, аялап,
Балаларың болды бақыт бекетің.

Әлі есімде айтқан небір ертегін,
Еркеледім киіп көйлек көркемін.
Жаулығынды желкен етіп кемеме,
Өзің болып шөберенді ертемін.

**ЕЛІ ҮШІН ҚАШАН ДА ЖАНЫ
ҚҰРБАН**

/Тұнғышбай Жаманқұловка/

Өнерімен қазағымды табындырған,
Елі үшін қашан да жаны құрбан.
Сахнадан сәл ғана көрінбесе,
Көрерменін іздетіп сағындырған.

Ханға лайық қасиеттен бойындағы,
Жамандық, сатқындыққа бой ұрмады.
Желтоқсанда жазықсыз жапа шеккен,
Адал ұлын халқы да мойындарды.

Құдірет бар өнерінде, дара сөзде,
От беретін қаншама қара көзге.
Шама келсе уақытты қайтаратын,
Кетер еді жүгіріп бала кезге.



АРУ МЕРКІ

Аңсап келіп, құшағыңа тығылдым,
Гүлін иіскең, көбелекке жүгірдім.
Ертегідей ғажайыпты сезіндім,
Атқан күн мен, өрттей қызыл інірдің.

Таудан ескен самалыңа желпіндім,
Ғашық болып сұлулыққа елтідім.
Ару Меркі, дәру Меркі шипажай,
Қанша адамның кілтін таптың көркінің.

Ағып жатқан асай өзен гүрлі,
Жүргемінің ән пернесі, дірілі.
Ақ қайындар жапырағы сыйбырлап,
Шақырады айтқызуға сирінды.

Қос аққудай айдынкөлге жарасқан,
Армандары талай асу, бел асқан.
Адамдарға қызмет етіп екеуі,
Махаббатпен әрбір тасын қаласқан.

Таңқалдырған кереметі елімнің,
Суы шипа, даусы мол жерінің.
Құшақ жая күтіп алар бәрінді,
Көрем десен жолбарысын, елігін.

ШЫНДЫҚҚА АЙНАЛЫП ҚИЯЛЫ

Астана-жүрегі елімнің,
Ордасы бақыт пен сенімнің.
Есілдің бойында жарқырап,
Ай дидар арудай керілдің.

Гұл қала, нұр қала, жыр қала,
Тілегім өзіне бір ғана,
Бабалар арманы аманат,
Аңсаған Хан Кене, Мың бала.

Кешігіп келмейді көктемі,
Тарихтын арайлы беттері.
Тәуелсіз көгімде қалықтап,
Ұшып жүр бейбіт күн кептері.

Үлбіреп үміттер көктеді,
Оралды қандастар шеттегі.
Әлемді аузына қаратып,
Қазағым бійкке беттеді.

Бәйтерек көкпенен тілдескен,
Тасқа да қызгалдақ гүл өскен,
Астана-арманның қаласы,
Қол жеткен мың жылғы куреспен.

Астана-айдыным арайлы,
Шартарарап көз тігіп қарайды.
Елімнің жүрегі -өзінчен,
Бар жылу қаныма тарайды.

Дүбірлеп тұлпарлар тұяғы,
Шалқысын арқаның күй-әні.
Қазақтың азamat ұлы ол,
Бақпенен ар еткен қияны,
Шындыққа айналып қиялышы.



АҚ ҚАРҒА

Талай түскен дау-дамаймен, көкпарға,
Барлық жерде кездеседі ақ қарға.
Ақ қарғадай кесіп, есіп айтатын,
Жүргегінде жалындаған от бар ма.

Алла оны аппақ етіп жаратты,
Ақтығымен барлық елді қаратты.
Сенің түсің бізден басқа, бөтен деп,
Өңкей құзғын жабылып кеп талапты.


Досым айтты қара қарға одан көп,
Ақ, қарасын ажыратар қоғам жок.
Армандаған биігінен түскенше,
Шындық үшін кеткен жақсы бодан бол.

КҮЗГІ ГҮЛДЕР

Күзгі гүлдер барлығына шыдайды,
Ыңғар, аяз, жел де оны сыңайды.
Өмір оған көрсеткенмен өгейлік,
Гүлін ашып бола түсер шырайлы.

Күзгі гүлде болғаннан соң мықтылық,
Не болса да қарсы алады тік тұрып.
Күреседі соңғы демі біткенше,
Парасат пейізгілікті ұқтырып.





МУСТАНГ

Адамдардан қашып жырақ аулаққа,
Кетті асau күн кешуге жабайы.
Қар, боранда жұрсе дағы жаурап па,
Таңдағаны бостандықтың арайы.

Желмен еркін жарысады көсліп,
Гұл аңқыған жұтып дала жұпарын.
Самалменен құйрық-жалы есіліп,
Өміріне риза тарпаң, қиқарың.

Қуыршақтар әлемінен жалықтым,
Бар жүйкемді болмашыға қашатып.
Құрсауынан шығам бір күн қамыттың,
Мустангтай мен ноқтаны босатып.



БАБАЛАРДЫҢ ӨСИЕТІН ҚАМДАҒАН

Ана сыйлап, ата жолын таңдаған,
Бар ғұмырын туған жерге арнаған.
Азamat деп халқы сыйлап қолдаған,
Жайсандарды жырға қосып толғанам.
Қазағымда бұрын-сонды болмаған,
Алты алашқа абырой боп орнаған,
Алау жағып жүректерге жанбаған,
Тарих болып дүбірледі сардалам.
Жамбылымға қөз тіккенде бар ғалам,
Жұлдыздайын жарқырады шам қалам,
Бабалардың өсиетін қамдаған,
Отқа түсіп, су кешсе де тоңбаған,
Батырлардай ел намысын қорғаған,
Нағыз жүйрік асып түсер жорғадан,
Ұлылықты ұрпақтарға жалғаған!

АРДАГЕР

Қарсы алындар, келе жатыр майдангер,
Ол болмаса, болар еді ойран ел.
Оралмайтын боздақтардың арманын,
Тұған жерге алып келді қайран ер.

Тыл батыры-аналарды қараши,
Жазылған жоқ жүргегінің жарасы.
Жеңіс күнін жақындаған арулар,
Еңбек етті жеткенінше шамасы.

Тыл батыры-балаларды қараши,
Жасқа толы жанарының шарасы.
Бақытты күн, бейбіт заман болса да,
Сол баяғы сәби күнгі қаrasы,
Жазылған жоқ жүргегінің жарасы.

ӨЛЕҢ МЕНИҢ – ТОРНАДАМ

Тағдыр тартқан кендірдің,
Дегеніне көндірдің,
Пешенеге сендердің,
Өмір-занды ендірдің,
Талай бұлтты төндірдің,
Бірақ, женде мөлдір мұн.

Кейде асып арнадан,
Қиял көкті шарлаган,
Сағыныш боп торлаған,
Ғашығымсың таңдаған,
Ғұмырымды ариған,
Өлең менің - торнадам.



СЕНДЕ ТУДЫМ АЛАУЛЫ ДАЛА

Жараландым, жарасы терең,
Жазылмайды, қоғамым керен.
Елдің бәрін өзімдей көрем,
Аңғал басым, кімдерге сенем.

Достарым бар, санаулы ғана,
Сенде тудым, алаулы дала.
Ақша бұлттар-ақ армандар,
Темірқазығым-жалаулы дара.



ЖЫРЫМНАН ТАУЫП ЖҰБАНЫШ

Өмірдің аштым есігін,
Табамын деумен шешімін.
Асаудай қанша туладым,
Тағдырдың тарпып кесімін.

Есейіп етек жапқанда,
Түстім-ау талай қақпанға.
Жырымнан тауып жұбаныш,
Мұң шақтым көктем, ақпанға.



ӨМІРДІҢ АЛДА ЖАЗЫ МЫҢ

Қақым жоқ деуге, қажыдым,
Өмірдің алда жазы мың.
Ақ түтек небір боранда,
Жол тапқан әйел - нәзігің.

Қақым жоқ деуге, шаршадым,
Батасы бар да баршаның.
Әлия, Мәншүк ержүрек,
Айша ару, Тұмар ханшамын.

Қақым жоқ деуге, сенделдім,
Өлеңмен, әнмен емделдім.
Намысын қолдан бермейтін,
Қазақ деген елденмін!



**БОЗҚАРАГАН БҮРШІК
ЖАРҒАНДА**

Достарымды жинап алып касыма,
Гүлден десте өріп кием басыма.
Соқыр жаңбыр жауып өткен заматта,
Кемпірқосақ бұлттан шығар асыға.





**ГҮЛДЕН ДЕСТЕ ӨРІП КИЕМ
БАСЫМА**

Көзімді ашып шырт үйқыдан ояндым,
Алданбаймын саған енді аяр күн.
Сілкіп тастап қайта туам адам боп,
Ортасынан қызыл-жасыл бояудың.

Достарымды жинап алыш қасыма,
Гүлден десте өріп кием басыма.
Соқыр жаңбыр жауып өткен заматта,
Кемпірқосақ бұлғтан шыгар асыға.

Жүргімді шақырамын сабырға,
Қиялым да жүгірмейді әр қырға.
Поезд жылжып бара жатыр орнынан,
Бір қыз түр ғой қолын бұлғап тамбурда.

БІР ТАЛ ГҮЛІ СИРЕННІҢ

Бір тал гүлі сиреннің,
Жүрегімді түйредің,
Сұлулықты сүюді,
Саған қарап үйрендім.

Бөртегүлі даламның,
Иісіндей анамның.
Жұпар шашып жаныма,
Өң бойыма таралдың.



ЖАЛАҢАЯҚ ҚЫРЛАРЫНДА ЖҮГІРДІМ

Жалған емес, жалтыр демес сүйгенім,
Тұған елді тұмар етіп түйгенім.
Ортенемін, лапылдаймын, жанамын,
Тәрік етіп өмірдің көп күйбеңін.

Дәл өзіндей жанашыр жоқ, жақыным,
Сенен алдын дана дала ақылын.
Сағынғанда құшағына құлайды,
Баладай бол батырың да ақының.

Жалаңаяқ қырларында жүгірдім,
Моншақтары шашылғанша інірдің.
Жүргімді жараласа біреулер,
Мен өзіннен қуат алып тірілдім.



БОЗҚАРАҒАН ТҰБІНДЕ ЖЫРЫНДЫ ОҚЫП

Таңданбаймын ешкімге, ештеңеге,
Жүгірмеймін ешқандай еш кемеге.
Бір кездері таңқалғам барлығына,
Ақыл деген ақынға кеш келе ме?

Сен кеткенмен артында жырың қалды,
Оқығанда жүрегім жырымдалды.
Жан-дүниес өртеніп күйіп кеткен,
Тағы қандай біз білмес сырың бар-ды.

Ақпанның таңдарындай құба ақын,
Еліменен бір жасап, қуанатын.
Өмір болып өрілген өлендерің,
Бірде жылап, ал бірде жұбанатын.

Хантәнірдің қыраны, мұзбалагы,
Қанатсыздар қашанда қызғанады.
Бозқараған тұбінде жырынды оқып,
Өзіндей бол адамдар мұнданады.

КӨКТЕМДІ КӨРДІМ КӨЗІҢНЕН

Ақпанда мені іздедің,
Ақ қардай таза сезіммен.
Сезінсек-дағы күз демін,
Көктемді көрдім көзіңнен.

Жадырап жаздай күлгенде,
Жарқырап күнім шығатын.
Қауызын жарған гүлдерге,
Мөлдіреп шықтар тұнатын.

Жапырақ кешкен бақтарда,
Сырласқан күндер есімде.
Қарамас тағдыр жоқ, барға,
Амал жоқ өмір-шешімге.

АРМАНЫҢДЫ КІРЛЕТПЕ

Қосылмаймын деп жүргенде дүрмекке,
Ілінесің өсек-гайбат ілмекке.
Олар күлсе, сен де бірге қосылып,
Ойсыз болып көрінерсің бұл көпке.

Өкпелеудің қажеті жоқ дүрмекке,
Дер кезінде арман гүлі гүлден пе?
Жалғыз өзің қалсаң дағы аралда,
Ақ желкенді арманыңды кірлетпе.



АҚЫН ҚЫЗДАР

Ауыздықтан тулаған тағдырларын,
Көздерінің құрғатып жаңбырларын.
Ақын қыздар өзін де, өзгені де,
Жырларыңмен жылытып тондырмадың.

Ақ пен қара шыққанда тайталасып,
Жүректерді жаралы айқара ашып.
Батырлардай кеудесін оққа тосты,
Кей мықтылар жүргенде ай қарасып.

Күрсінгенде қыр гүлі мұнданатын,
Жыр жазғанда жанарда нұр жанатын.
Жаураганға қанатын төсөніш ғып,
Нөсерлерге тосатын бір қанатын.

Кеуделерге гүл еккен ізгіліктің,
Он сегіздің жасы бар, қыз-қылыштың.
Ақын қыздар қаншага келсе-дағы,
Фашық болып өмірге үздігіп тұр.

БІРДЕ ҚИЫН, БІРДЕ ҚҰЙЫН

Бірде қиын, бірде құйын шығармын,
Жақсыларға жақын жүрген, сынармын.
Ашық күнде нөсерлетіп жауам да,
Бұршақ ұрған гүлдей кейде синармын.

Бірде қиын, бірде құйын шығармын,
Алай-дүлей кездे көніл жығармын.
Көкке ұшып, жерге түсіп журсем де,
Сенің нәзік жүргегінді ұғармын.



ҚОЯН ЖЫЛҒЫ ҒАЖАЙЫП

Аппақ қоян ойыншық сөредегі,
Сені көрсем көңілім мұнға бөленеді.
Өткен күннің ең қымбат ескерткіші,
Біз едік кой бақыттың егелері.

Ғажайыптың барлығын мол ұқтырған,
Бір Алла ғой біздерді жолықтырған.
Қоңыр күзде қоңырқай өмір кешкен,
Жүректерді жылытты, тоңып тұрған.

Жаңа жылдың алдында жана күннің,
Күткен жандар жақсылық, жаңалығын.
Қоян жылын тосуда дайындалып,
Үміт оты жарқылдап жанарының.

Жасыл шырша орманнан алып келген,
Аяз ата, қарша қызы, балықпенен.
Қоңыр тиін жаңғағын құшактаған,
Деп тұрғандай сендерге жарып берем.

Жасанғанмен шыршамыз жүдеп тұрды,
Сол сәт есік ашылып, бір леп кірді.
Жаңа жылдық сыйлығы Марал қыздың.
Аппақ қоян көңілге гүл ектірді.

Аппақ дала, аппақ қар, аппақ көңіл,
Жер бетінде тіршілік-аптап өмір.
Жаңа жылым-Ақ қоян төрге шықты,
Жаңа күннің парағын ашпақ өнір.

Аппақ нұрдың шомылып арайына,
Бар бақытын таратып маңайына.
Қонақтады жақұт боп қаракөзге,
Ақ күміс боп қарияның самайына.



Ақ желкенді бақыттың кемесінде,
Ертегідей күндерім ел есінде.
Мұнсағыныш, ансаған арманы бар,
Дүбірлекен той өтті жер төсінде.

Тағдыр, кенет наизағай дауыл сынды,
Басымыздан өткерді ауыр жылды.
Демеп-сүйеп қасымызда құлатпастан,
Анам, досым, туған жер, бауыр тұрды.

Баға жетпес байлығым-мақтанатын,
Досым сенсің, періште-ақ қанатым.
Өлең оқып тұндерде жаңбыр төккен,
Сырымызды бұкпесіз ақтаратын.

Тасқа тиіп маңдайым, шағылғанда,
Айналғанда арманым сағымдарға.
Тәнір берген өлеңнің арқасында,
Тарпаң мінез тағдырға бағынғам ба?

Анаң қосып жүргенде айды жырға,
Жаматыпты жүректі қайғы-мұнға.
Жауап таппай маңайдан торыққанда,
Саған ғана деді ол «жайды тыңда»



Қызыым, сонда сен маған қуат бердің,
Жығылмайтын айбынды ту ап келдің.
Асып-тасып төгілген мейіріммен,
Мөлдіреген кіршіксіз бұлақ көрдім.

Содан бері талай жыл зымырады,
Өткен күннің бақытты жыры қалды.
Сол жаңа жыл сыйлаған ғажайыптың,
Өміріме жетерлік құны бар-ды.

Тәнір берген қос күнің көжектерін,
Алақанда аялап өбектедің.
Аққоянның егесі-Ақмарал қыз,
Толқындармен жарысқан өжет пе едің?!

Ақ қоян жыл тағы да оралыпты,
Соқпағына аяулы жол алыпты.
Әрбір үйдің жарығы самаладай,
Өткен күннің мұң-шері жоғалыпты.

Аппақ қоян ойыншық сөредегі,
Естелік те ескіріп көнереді.
Өзің жайлы бірақ та мәңгі жасыл,
Өлең-өмір көктемдей көгереді.

СОЛ КІРПІЛЕР...

Қоңыр күзде жапырақты жамылып,
Шығатұғын кірпі біткен сабылып.
Ауылдағы бар балалар жиылып,
Жол беретін олар үшін жарылып.

Қоңыраудың үні шықса сыңғырладап,
Мектеп жаққа жүгіреміз құнжындан.
Ақтарып ап сөмкедегі кітапты,
Жететінбіз бір сүрініп, бір құлап.

Жүрміз бүгін бал күндерді сағынып,
Сағыныштың сары гүлін тағынып.
Сол кірпілер келер болса қайтадан,
Сөзге келмей кетер едім бағынып...



БІР ТҮП КАШТАН

Есік алды өсетін бір түп каштан,
Көктемменен көгеріп бұртік ашқан.
Тұған күнім маусымда таңғажайып,
Ақ ғұлдері маңайға жұпар шашқан.

Қайран шешем жететін гүлін ұстап,
Оралғандай болатын тұлымды шақ.
Талшын гүлі тұратын қақ төрімде,
Сыйлықтардың ішінде пірім құсан.

Өмір деген қашанда ауыспалы,
Бүгін қымбат өткен күн дауыстары.
Гүл құшақтап бауырлар келе жатыр,
Анам болып менімен қауышқалы.



БОТАГӨЗГЕ

Арқалап жүгін достықтың,
Күндерді небір қос тұттың.
Айналып менен кетпедің,
Зардабын тартқан бостықтың.

Отқа да түсіп күймедің,
Жанашыр жан боп түйредің.
Қалайы қайтпас солдаттай,
Өмірге мені иледің.

Гүлдерге толып құшағым,
Файып та болды құса-мұн.
Басымды ііп алдында,
Қолынды ұзақ қысамын.



АҚ ДЕГЕЛЕК

Көшіп барад аспанда ақша бұлттар,
Жүргімде соншама артқан жүк бар.
Қанша жерге көтеріп барап екем,
Жанарыма ілініп мөлдір шықтар.

Жасыратын сырым жоқ адамдардан,
Әрбір сәтім – өмірде тарамдалған.
Сол көктемде кездескен ақ дегелек,
Аяулы шақ – жалт етіп оралмаған.



ҚАЗІРДЕН ОЙЛАН

/Әріптес ініме әзіл-шыны аралас/

Жүйкемнің бәрі үзілді,
Бойымда қаным қызынды.
Сылтау етіп кетесің,
Әйелді, ұлды, қызынды.

Жүйкемнің бәрі үзілді,
Мұң басып аппак жүзімді.
Үмітін елдің актайық,
Қарсы алар көктем, күзінді.

Жүйкемнің бәрі үзілді,
Жанарда жасым тізілді.
Қазірден ойлан, бауырым,
Артында қалар ізінді.

ЫСТЫҚКӨЛГЕ АҚҚУЛАР ҚОНАҚТАДЫ

Сағынышқа жанымды орап тағы.
Ыстықкөлге аққулар қонақтады.
Жағалауға асыққан ақ толқындар,
Қарсы алуда қуанып қонақтарды.

Шыңғыс болып таулары асқақтайды,
Кетпегендей айылды, тастап айды.
Саманшының жолындај җұлдыз-ғұмыр
Қалайша биіктеге бастамайды.

Даниярдың әні де естілгендей,
Махаббатын Жәмилә кеш білгендей.
Қызыл желек Әселин іздеуменен,
Ілиястай жігітке ес кіргендей.

Өмір кейде боранды бекеттердей,
Ақ кемелер қалмасын төтеп бермей.
Қырдан асып барады жалғыз өзі,
Гүлсарыны Танабай жетектемей.

Ұясынан күн шығып жарқырайды,
Сабағынан үзіліп танқурайы.
Қазақ-қырғыз бауырлар кездескенде,
Көніл қалай Ыстықкөлдей толқымайды.

ДОСТАРЫМ БАР

Достарым бар жанымды үнсіз ұфатын,
Бірі дарын, екіншісі шын ақын.
Атақ-манасап, байлық емес қуганы,
Кекірегінде күй күмбірлеп тұратын.

Ақ желкенді достық деген кеменің,
Тек адалдық толтырады кемерін.
Сүрінгенде, сүйеп, демеп тұрғызар,
Мен – өмірде шын достарға сенемін.



ҚАРЛЫГАШТАЙ ОРАЛДЫМ

Талай ару-жігітті талпындырған қияға,
Қарлығаштай оралдым бір кездегі ұяма.
Жауқазындаі балауса жастығымды аңсаған,
Алып-ұшқан көңілім арнасына сия ма.

Осы жерде қалыпты ең алаңсыз күндерім,
Сол баяғы терезе, қолдан өскен гүлдерім.
Жүректегі ардағым, құлімдеген арманым,
Құрбылардың сағындым сыңғыраған үндерін.

Гиппократқа берілген адаптік антымыз,
Дала менен қалада шығып жатты даңқымыз.
Денсаулықтың сақшысы, ақ халатты абзал жан,
Еңбегінді бағалап, алғыс айтты халқымыз.

Жараланған жүргегім ой мен мұнға мың батып,
Дәрігермін әлі де отыратын тұн қатып,
Сан тағдырға толғанып, өмірлерге алаңдап,
Қаламыма сүйеніп, жыр жазамын толғатып.


СІҢЛІЛЕРІМ, ҚЫЗҒАЛДАҚ-АРУЛАРЫМ

Сіңлілерім, қызғалдақ-аруларым,
Бірі-бірінің көтерген тәуір жағын.
Қуансандар, көктем кеп қонақтады,
Мұңайсандар, еріксіз ауырладым.

Ұясына батқанша оралып күн,
Қызығына тоймадық балалықтың.
Ақ көбелек, ақ гүлдер арасында,
Арманшылдау қыз болып жаралыппын.

Иінағаш салып ап иықтарға,
Су тасыдық тұрса да тиіп қана.
Кол ұстасып барамыз шомылуға,
Тұрған кезде аптаптан күйіп дала.

Әке менен шешенің еркелері,
Сол бір кез қандай ыстық, көркем еді.
Оралмасын білгенде бал күндердің,
Жүргегім өз-өзінен өртенеді.



КЛЕОПАТРА

Өткен заман аңызы,
Сұлу патша-жан ізгі.
Сендей болу өмірде,
Біздер үшін маңызды.

Ақылға сай көркінді,
Сезімдегі өртінді.
Құрбан еттің ел үшін,
Бұзбай берген сертінді.

Жан екенсің намысты,
Идірмедің басынды.
Ніл өзендей ағысты,
Білмедің-ау жасуды.

Тәкәппар жан, ержүрек,
Сатқындықты кешпедің.
Ақ көйлегің желбіреп,
Жүректерден өшпедің.

ҚАЛАМДАСТАР

/Дүйсен, Ғазиза бастаған әріптестеріме/

Қаламдастар,
Қаруластар,
Жазу кейде,
Тарам жастар.

Өмір-майдан,
Женіл қайдан.
Тың дүние,
Қиял, ойдан.

Сенгендерім,
Ергендерім.
Бауырымнан,
Кем көрмедім.

Армандастар,
Қайран достар.
Дәурен өтер,
Ойлан жастар.

ДИМАШҚА

Жарқыраған әлемнің аштың бүгін есігін,
Дінмұхамед атаңың қойдым саған есімін.
Азамат бол айбынды биіктерде жүретін,
Қуанышы көп болсын өмірдегі көшіңің.

Әділдікті жақтаған ел басқарған атаңдай,
Ұлы болғын халықтың қайғы-мұңы батардай.
Білім қуып ізденсең арманыңа жетерсін,
Ақ шуағы шашылып, ағарып таң атардай.

Үлкендерді күрметтеп, қамқор болғын кішіге,
Ешқашанда сенбегін білектегі күшіңе.
Өтірік, мактау, қолпаштау-екіжүзді жан сақтау,
Димаш балам, адал бол, өмірлік дос, ісіне.

ТАРАЗЫМ - АРТЫҚ СҰЛУ ШАҢАРЛАРДАН

Қанша нәзік болсам да, қаһарланам,
Жоғалғаны сенімнің батар маған.
Зәулім сарай, алтын тақ керек емес,
Таразым - артық сұлу шаңарлардан.

Мұңайғаным, есімде жылағаным,
Еркелетіп тағдырдың сынағанын.
Жаратқанның рахымы шығар бәлкім,
Барлығына, бәріне шыдағаным.



АЙ-БАЛА

Тұннығынды лайлама,
Дақсыз таза Ай-бала
Барым да сен, байлығым
Өлеңім мен ой ғана.

Тұған жерде елдемін,
Еңбек етіп терледім.
Көңілдері кіршіксіз,
Жақсыларға шөлдедім.

Болашаққа самғаған,
Саган сенем, жан-балам.
Азамат бол ақжүрек,
Адалдықтан таймаған.

БІР БАҚЫТ...

/ҚР Білім беру ісінің Құрметті
қызметкері Сұлушаш Құрманбековаға/

Дала гүлі жаңбыр әнін тыңдаған,
Тұн үйқысын ай мен жылдар ұрлаған.
Қағаз-қайық ақ кемеге айналып,
Таяу-толқындар кездессе де сынбаған.

Адалдықтың жарқыраған айдыны,
Тұған жері, шәкірттері - айбыны.
Тұнғиқтай терең, нәзік болмысы,
Бұл өмірде сезінбесін қайғыны.

Мөлдіреген мұндарымен сырласқан,
Қыз жүргегі айттылмаған жыр-дастан.
Арманына адастырмай апаар,
Бір бақыт тұр есік қағып тынбастан.



НАУРЫЗКӨК

Наурызкөк-көктемнің жаршысы,
Жыл құсы, бақыттың әншісі.
Қанатың талмастан жеттің бе?
Көзіңнің мөлтілдеп тамшысы.

Түледі сай-сала, жылғалар,
Кеш түрған нәсіптен құр қалар.
Сыланған қыз-қырқын қырқада,
Сыңғырлан шолпысы, сырғалар.

Бүр жарып талдарда бүршіктер,
Өн салды бозторғай, шымшықтар.
Әжелер шуаққа жылынып,
Билейді қолында ұршықтар.

Дүр етті қызғалдақ даламда,
Сілкінді ой-сезім, санам да,
Оң болып Ұлыстың ақ күні,
Шаттансын қария, балам да.

АЛАТАУДАЙ

Ер іздейміз қашанда қабыргалы,
Бәйтеректей тереңде тамырлары.
Алатаудай асқақтап тұрар болса,
Ақмандай арулардың бағы бар ды.

Бөріктін көргенде майдаланған,
Күннен жылу сұрайсың, айдан аман.
Жігері жоқ қазақта жігіт емес,
Ар-намысы бойында ойнамаған.



АРҒЫМАҚТАР ДАЛАСЫНДА */Алпамысқа/*

Жұмсақ жүрек, тарпақ міnez әкпеңмін,
Бір басымда жеткілікті эттең мін.
Арманы көп, алдары жоқ болған соң,
Бір адамдай азабын да шеккемін.

Ақ қағаздай өмірінді бастадың,
Ақша бұлттар араласқан аспанаң.
Кірлетпесін қөңілінді ешқашан,
Достарың мен бетке күлген қастарың.

Өмір көктем, қыс екенін сан үқтың,
Бұлақ көрсөң көзін ашып ағыттың.
Арғымактар даласында бақ сынап,
Бір мұнайып, бір қуанып, қамықтың.

Жалындаған Фани туған өлкенің,
Сен де ойлап толғандың ба ертеңін.
Ерте кеш пе нағыз шынға айналсын,
Бала күнгі таңғажайып ертегің.

ЖАҢА ЖЫЛ

Жаңа жыл, жаныммен жаңардым,
Жарқылдаپ оттары жаңардың.
Сыр айтқан, мұнайтқан кей күннің,
Күнтізбе парагын жабармын.
Ақ қардай, ақ қағаз өмірге,
Бақытты ізімді салармын.

Жаңа жыл- ақ үміт тілектер,
Еңбекпен шынықсын білектер.
Қуанып, шаттанып тасыған,
Елім деп соғатын жүрек бер
Намысын өзгеге бермейтін,
Көп болсын нар жігіт, Жібектер.

ЖАЛҒЫЗ АҚҚУ

Тағдырыңды мойындал,
Қу тірлікті уайымдал,
Өмір етіп барады,
Кімдер оны қайырмақ.

Жалғыз аққу сынарсыз,
Жылай жүріп шыдарсыз.
Қинаалысын өзгенің,
Басқа түссе үгарсыз...



ДОС ТУРАЛЫ БАЛЛАДА

Жаздың жайлы, қоңыр самал кешінде,
Сол бір күндер әлі менің есімде.
Жас келіншек келіп түсті халі ауыр,
Үз сүті сорғалаған төсінде.

Белден төмен қозғалтпайды науқасы,
Жата беріп жауыр болған арқасы.
Жасқа толы бота көзі жәудіреп,
Судан басқа жоқ болатын қолқасы.

Кезі оның аз болатын жасыған,
Күтуші қызы көрем күнде қасынан.
Жуындырып, ептең, сүйеп, жастыққа,
Жәйлап сипап отыратын шашынан.

Ауру жанның көңіл-күйін басып нақ,
Тамағын да іштіретін қасықтап.
Іштей жылап, сыртқа сырын білдірмей,
Кейде күліп, мұңаятын жасып қап.

Артық орын болмаған соң бөлмеде,
Төсегі де салынатын жерге де.
Тәулік бойы тыным таптай жүрсе де,
Күш беретін жанындағы елге де.

Сыртқа шығып кеткен кездे кешіккен,
Екі көзін алмайтұғын есіктен.
Оралғанда қуанатын елпілдеп,
Нәрестедей қолын созған бесіктен.

Бүтінгі күн ақ төсекке таңылып,
Дене қызып, ақыл-естен жаңылып.
Ажалменен арпалысып шаршады,
Келе жатты қайғы сыйлар таң ұлып.

Сан дәрігер зыр жүгіріп басында,
Бар амалын қолдануда асыға.
«Жарық күнім, қош» дегендей болды ма,
Көзін жұмып, үзді соңғы жасын да.

Тынышталды дәрігерлер сабылған,
Сорлы жүрек күтуменен сарылған.
Үмітпенен кірген кезде ұмтылып,
Көрді оны ақ матамен жабылған.

Бетін ашып, еңіреп кеп құлады,
Жарқ етті де сөнді сәуле шырағы.
Жас моншақтап жуып жатты ақ бетін,
Бұл өмірге көп қой қояр сұрағы.

Жұбатардай жылы сөзді таппадым,
Кім болсан да парызынды ақтадын.
Бұл фәниден риза болып аттанды,
Жүрегіңе ақтығындай мақтаның.

«Туысы да, бауыры да емеспін,
Тұған жерде тай-құлышнадай тел өстім.
Бірге айтып, арман жырын, дос әнін,
Адасқанда ақыл сұрап кеңестім».

Өкінішті үзілгені арманның,
Дос болмаса, тосар бізді алдан мұң.
Шын дос ғана өзіңменен бөлісер,
Қайғы-муңың, қасіретін жалғаннның



БАҚЫТ ҚҰСЫ
/Нағимага/

Бақыт құсын табамын деп бекінді,
Ауылышнан шыққан ару кекілді.
Арманы да, көңілі де ақ еді,
Қырда өскен түймедақтар секілді.

Өзен, көлдер, шықты таулар алдынан,
Оттай ыстық күн де күйіп жандырған.
Қиналғанда жетеледі бір үміт,
Адастырмай соқпағына салдырған.

Сезінгенде сиқырлы бір әлемді,
Шебер қолға болмас ешкім кедергі.
Көктем қыздай айналасын гүл етіп,
Салатұғын ою-өрнек бедерді.

Бақыт құсы өзі келіп қонғанда,
Еріл кетті мұзды күндер, тондар да.
Тәнір өзі тарту етер сыйларын,
Жүректердің тазалығы болғанда.

БІР БЕЙНЕ

Жұлдыздай жарқ етіп өмірде,
Жел болып тимедің көңілге.
Сен ғана силайтын ақ гүлдер,
Өспейтін болыпты өнірде.

Жаңбыр да сіркіреп жаумайды,
Басқалар көңілді аулайды.
Жылдарым жетектеп кетсе де,
Әлі де бір бейне қалмайды.

Білемін алдамшы екенін,
Әлемін, аспаның, мекенің.
Іздесем қай жерден табамын,
Мен тартқан күндердің өтемін.

КӨЗДЕРІНДЕ САҒЫНЫШ

Махаббат тагы бізді жолықтырды,
Көздерінде сағыныш толып тұрды.
Алыстап кеткендей ақ көрінгенмен,
Қимастықтың қалғанын мол ұқтырды.

Ұмытып барлығын да, айналаны,
Жұлдыздармен сырласып, ай барады.
Моншақ сезім шашылып кетпесін деп,
Жауып өткен ақ жаңбыр ойланады.



**БӘЙШЕШЕКТЕЙ ҚАР АСТЫНДА
ГҮЛДЕГЕН
/Қарақатқа/**

Жаның неткен нәзік еді гүлден де,
Күннің өзі жарқ етеді күлгендे.
Жүргіндегі қайнары бар бұлактың,
Тазалығыбылғанбайды білгенге.

Қолын соңа жұлдыздары жанатын,
Ақ арманы ақ бұлттарға қонатын.
Қазағымның Толағайдай нарқызы,
Намыстанса тау мен тауды соғатын.

Бәйшешектей қар астында гүлдеген,
Жақсы жандар жылытады нүрменен.
Өмір деген кемпірқосақ секілді,
Ақ жаңбырдай шашу шаштым жырменен.

ҚҰС ЖОЛЫ

Жан аға, жырларыңды оқығалы,
Жүргімде өшпестей оты қалды.
Шығыстың тауларыңдай асқақтайды,
Ауылдың тобе, қыры, шоқылары.

Сіздегідей қанат бітіп басқаларға,
Жеткендей кітебінді жастанаңарға.
Құс жолына сенделіп, жеткендердің,
Көздерінен мөлдіреп жас тамар ма?



ӨЗЕНДЕ ҚАҒАЗ ҚАЙЫҒЫМ

Тулаған жүрек тыншыды,
Өмірдің бар деп бір шыны.
Жылуын төгіп нұрланды,
Қағылып күннің кірпігі.

Өзенде қағаз қайығым,
Көнілдің жұмбақ жайы мың.
Есейіп бүгін кетсем де,
Баладай сенгіш-айыбым.



ЖАУҚАЗЫНДАЙ ЖҰПАР ШАШЫП ЕРЕКШЕ */Жаңылға/*

Сені іздеймін мұнға батсам қамығып,
Сыршыл нәзік жүргегіңе бағынып.
Кімге болса қанатынды жаясың,
Қуанса да, қиналса да табылып.

Биігінде еңлікгүлдер өсетін,
Хантәнірге ақша бұлттар көшетін.
Жауқазындар жұпар шашып ерекше,
Райымбектен самал болып есетін.

Сені ойлаймын жаңбыр жауса майдалап,
Ару ақын, қара көзді айқабақ.
Найзағайдай жарқылдаған күндерді,
Көне Тараз сенсіз қалай тойламақ.

КӨП БОЛДЫ

Көп болды ауылымға бармағалы,
Сағынған жүрек шіркін зар қағады.
Әке қайда алдынан шығатұғын,
Шеше қайда осы дер қолда бары.

Көп болды самалыңды жұтпағалы,
Жаутаң қағып жанағым шықтанады.
Аңқылдаған ағайын батаңды бер,
Баянды болсын десен күт қадамы.



ШАШПА ШУМАҚТАР

Айқара ашып көне шаһар құшағын,
Қарсы алуда таңмен бірге құс әнін.
Жұпар шашқан гүлдеріңе мас болып,
Ақ бүлттармен көкте жүзіп ұшамын.

Өмірімді ерекше нұрландырып,
Биіктеге шақырған шыңдан күліп.
Адал достар-айдыңды айнакөлім,
Мөлдіреген көздерде тұрган тұнып.

Жаңбырлы тұн ұшып барад тырналар,
Көргендердің жан жүргегін жұлмалар.
Тұған жерге аман-есен жеттік деп,
Көздің жасы қанатынан сырғанар.

Ей, жүргегім жетеріңе жеткіздің,
Адамдардың жақсы жағын көп тіздім.
Тайғанақтап жүріп келем үстінде,
Өмір деген көк мұздың...

Сыртымнан тон пішіп жүргендер,
Түлкідей миықтан күлгендер.
Әзәзіл, араға кіргендер.
Өмірдің бір кемі, бір кемдер.

Көрғасын құйған қалыптың,
Отында талай жаныптын.
Көзімді ашып сәбидей,
Өмірді қайта таныптын.

Қүйдірген дана Абайды,
Жабылған жала-қайғы.
Біржан сал, Ақандарды,
Ел бүгін таба алмайды.

Сыя алмаймын сендердегі қалыпқа,
Айналмаймын тілсіз, мылқау балыққа.
Өмір деген, көзді ашып-жұмғанша,
Бір пайдаңды тигізсөнші халыққа.

Өмір деген толғандырар,
Кез болмасын жолдан бұрап.
Өз-өзіне сенер болсаң,
Алдында тек арман тұрап.

Жүрер болсаң қанағатпен,
Ашық болар аспаның.
Жақсылық пен шапағатпен,
Биік болар аскарың.

Кеудесіне нан пісіп,
Соңында жүр бар күшік.
Сенен де өтер ит-өмір,
Ары-бері тартысып.

Қазақтың келіндері,
Жарының сенімдері.
Иілсең үлкендерге,
Қазынаң төріндегі

Қамықпағын, балапаным,
Аппақ арай таң атады.
Рахымы мол Жаратқаным,
Шапағатын таратады.

Бұлт көшіп жүр жаумаған,
Тауға, шыңға қонақтап.
Жел ызындалп даулаған,
Қайтіп оны жолатпак.

БИІК ТАУЛАР

Армандармен қаншама жүздестіндер,
От пен суды қиналмай жұз кештіндер.
Махаббаты жүрекке жалау еткен,
Бақытынан үмітін үзбес күндер.

Биік таулар бас иіп кішірердей,
Жақсылар жүр жаныңды түсінердей.
Арпалысып әлсіздер күн кешуде,
Күдіретті өнерге күші келмей.

Нәркес сезім, тазалық бастап барған,
Мөлдіреген бұлақтар тастақ жарған.
Атқан таңмен, қызарып батқан күнмен,
Кетпесін деп тілеймін тастап арман.



ВАТСАП

Далада аптап,
Ойларым қаптап.
Қайда ұшып кеттің,
Көктемгі бақ-бақ.

Алдында соқпақ,
Бір жүріп, тоқтап.
Сендерсің достар,
Жүретін сақтап.

Сезім ол-шақпақ,
Аяулың жақпақ.
Көнілдің гүлін,
Кетпесін таптап.

Далада аптап,
Көнілім аппақ.
Тәнірім сыйын,
Береді шақтап.
Жүрекке от сап,
Жазындар whatsapp.

**ҚҰЛАШ, ҚҰЛАШ ПОЭМАЛАР
ЖАЗБАДЫМ**

Құлаш, құлаш поэмалар жазбадым,
Өз әнім бар, өзіме тән саздарым,
Ел ішінде көлпен бірге күн кешіп,
Күйіп-жанып өз отыма маздадым.

Жақсылар көп, мен едім деп шықпаған,
Шындық десе ешнәрседен бұқпаған.
Жамандар жүр кеуде қағып әр жерде,
Кім не десе басын шұлғып құлтаған.

Заман тұлкі, тазы болып шалмадым,
Бірақ, сені кірлетпедім Арманым.
О, тәнірім өнер бердің, разымын,
Бұл өмірдің көтеретін салмағын.



**ТАҒЫ ДА КЕЛДІ БІР
КӨКТЕМ**

Алаулап жердің алабы,
Көмкеріп гүлмен даланы.
Нұрланып ару жанары,
Тағы да келді бір көктем.



*Пашы да келді
Ди коктейл*



ТАҒЫ ДА КЕЛДІ БІР КӨКТЕМ

Әні: Дүйсенәлі Бықыбаев

Алаулап жердің алабы,
Көмкөріп гүлмен даланы.
Нұрланып ару жаңары,
Тағы да келді бір көктем,
Тағы да келді бір көктем.

Жылғалар құліп аққанда,
Бүр атып алма бақтарда.
Қызғалдақ қырды жапқанда,
Тағы да келді бір көктем.
Тағы да келді бір көктем.

Құстармен бірге оралған,
Қарақат көздер таранған.
Жұлдызды жағып сан арман,
Тағы да келді бір көктем,
Тағы да келді бір көктем.

Ақ жаңбыр өтті сіркіреп,
Найзағай ойнап күркіреп.
Атойлап сезім дүркіреп,
Тағы да келді бір көктем,
Тағы да келді көктем.

ТӘУЕЛСІЗ КӨКТУЫМ

Әні: Әбиірбек Тінәлиев

Көгімде шаңқылы қыранның,
Қызымын өр кеуде Тұранның.
Бабалар заңына бағынып,
Бас идім сөзіне құранның.

Егемен елім бар еңселі,
Тәуелсіз көк туым-семсерім.
Әмірін, тағдырын тапсырған,
Мен оның болінбес бөлшегі.

Тауларым, көлдерім, далам бар,
Жаныммен ауырып, аландар.
Көзіңің ағы мен қарасы,
Балаңдай аялап, қарандар.



ҚАЗАҚ СОЛДАТЫ

Әні: Ринат Нұрақбаев

Төгіліп жасы аданың,
Әмірі өтті зарығып.
Жазылмай орны жараның,
Әкесін аңсап сағынып.

Өтсе де ұзақ жыл қанша,
Ұмытпас соғыс зардабын.
Адамдар көзін жүмғанша,
Іздейді боздақ ардағын.

Көздерін ұзақ талдырған,
Суретке қарап сарғайған.
Есейіл кетті балдырған,
Ойында соғыс, қан майдан.

Қайтпады соңғы ұрыстан,
Қазақтың батыр солдаты.
Жаралған жандар құрыштан,
Алау боп мәңгі маздады.

ҚЫЗ ЖҮРЕГІ

Әні: Есжан Әміров

Киелі алтын бесігім
Тербеттің гүлдей өсірдің
Мейірімді аямадың,
Аққудай аяладың
Жібектей нәзік есілдім.

Балалық шалқар киялды,
Сыйлаған қымбат ұяды.
Әкешім-анам, алғысым саған,
Гүл етем барған киямды.

Жүрекке жазып есімін,
Ақ отау аштым есігін.
Аяулы сыңарымның,
Желекті шынарыңың,
Қабыл ет, Тәнір шешімін.

Ғажайып сырлар қалдырған,
Қош бол, күнім, балдырған.
Елімнің амандығын,
Қос жүрек адалдығын,
Сұраймын үзбей тағдырдан.

САҒЫНЫШ

Әні: Ринат Нұрақбаев

Армандаі болған асылым,
Арада шалғай шақырым.
Жаңбырлы түндер қайдасың,
Сезімнің жайған шатыры.

Көктемнен жұпар аңқыды,
Көгімде қаздар қаңқылы.
Найзагай болып жүрекке,
Түскендей үміт жарқылы.

Бақытты, жалау күндерім,
Сыйлаған алау гүлдерін.
Ойласам жүрек сезіліп,
Өткенмен өмір сүргенім.

Акторғын сенің елесің,
Санамнан өшпей келесің.
Қолжетпес асыл арманым,
Түсіме жиі енесің.

Өмірдің қысқа соқпағы,
Арнаға бізді қоспадың.
Сөнген жоқ әлі жүректе,
Сезімнің ыстық шоқтары.

Жылдардан табар жалғасын,
Тағдырға қояр бар ма сын.
Біз тұрдық жолда қоштасып,
Нөсердей төгіл көз жасын.

ҚАЙЫРЛЫ ТАН, ӘУЛИЕАТА

Әні: Жандос Омаров

Таңменен бірге оянып,
Халықтан ғажап ой алып.
Әр үйге шаттық сыйлаған,
Арнаны қосып қоялық.

Қайырлы тан, Әулиеата, қайырлы тан,
Қайырлы тан жен дала, қайырлы тан.
Қайырлы тан, тәуелсіз Қазақстан!

Көгінде әні қалықтап,
Күмбірлеп, қүйі шарықтап.
Жалынды, жайсандарынды,
Сіздерге жақын танытбақ.

Арайлап, атып таңыңыз,
Арманға қанат қағыңыз.
Әр үйге шуақ шашатын,
Баянды болсын бағыңыз.

Қайырлы тан, Таразым!
Қайырлы тан, тәуелсіз Қазақстан!

О, МАХАББАТ

Әні: Дүйсенәлі Бықыбаев

Сүйдіріп, жандырған,
Мың күйге қалдырған.
Жарқ еткен әлемің,
Ғажап ән салдырған.
Ғашықпын мен саған,
Арманым аңсаған,
Жетпейді жан саған,
Әлемге жар салам,
О, махаббат қандайсың

Қалауын жүректің,
Көргенде дір еттім.
Көктемге айналып,
Жанымды гүл еттің.

Ғажайып сөздерің,
Сиқырлы көздерің,
Бақыттың қасымда,
Жүргенін сезбедім.

Ғашықпын мен саған,
Арманым аңсаған,
Жетпейді жан саған,
Әлемге жар салам
О, махаббат қандайсың.

МЭЛСТІ АҢСАУ

Әні: Дүйсенәлі Бықыбаев

Қалықтап әні Құланда,
Арманы аппақ мұнар ма.
Қызғалдақ қырлар қаулаған,
Сұлутөр тауға шығар ма?

Сырласқан сұлу қайындар,
Тобылғы гүлдер сайын бар.
Көгілдір көлде тербелген,
Бір хабар күткен айың бар.

Ақ тамақ нәзік құстарың,
Қаракөз ару құштарың.
Көгершін көніл мұңайды,
Өмірдің көріп қыспағын.

Ән болып аға өрілдің,
«Нәзіктей» іңкәр егілдің.
Көкдөнен биік шынындаі,
Жұлдыздай жарық көріндің.

Айналып әні тұмарға,
Алмагұл қызға ұнар да.
Сағыныш тербел кеткенде,
Келіндер біздің Құланға!

ДӘРІГЕР

Әні: Дүйсенәлі Бықыбаев

Алғыс алып халықтан,
Шапағатын дарытқан.
Айықтырып дертіңнен,
Мейіріммен жан үққан.

Кеудедегі жүректін,
Әр қағысын күзеттің.
Тулағанда бұлқынып,
Арнаға сап түзеттің.

Ақ халатты дәрігер,
Адам үшін әбігер.
Жан даусын беретін,
Бұл өмірдің мәні дер.

Періштедей көңілдер,
Жан шуағын төгіндер.
Жалғыз ауыз жылы сөз,
Шипа болып көрінер.

СЕЗІМ ГҮЛІ

Әні: Жандос Омаров

Өзгеріп өмір мұлде,
Шуағын төкті маған.
Гүл қадап өніріме,
Бақытқа басты қадам.

Көңілдің күйі көктем,
Бір сөн деп ән саламын.
Өзінді биік еткен,
Сезімге таңғаламын.

Сағыныш сарғалдағын,
Көңілден ұшырдын ба,
Жүректің армандарын,
Қайтадан ұсындын да.

Жетем деп мың арманға,
Мұңдарым төгілді көп.
Шын сезім бүр жарғанда,
Жырларым өрілді кеп.

КЕЛЕРСІҢ ӨЗІҢ

Әні: Дүйсенәлі Бықыбаев

Бақыттым менің көрінбей жүрген көзіме,
Қиямен сені ойлаймын тұнде езіле.
Ағарып арман, шығады алдан бір күні
Бұлаққа кәусар шөліркеп жүрген кезімде.

Қараймын жолға мөлдіреп көзім,
Сағына жүрек таусылып төзім.
Күтпеген жерден келерсің өзің
Келерсің өзің.

Сағымдай болды кездескен бір кез елесін,
Қамыға күттім жоғалтқан бақыт кемесін.
Ақ моншақ сезім арнадан асып шашылса,
Жағаға соққан толқындай мүмкін келерсің.

БАЛА ТІЛЕГІ

Әні: Нұрлан Байқөзов

Әкетайым ардағым,
Өмірінді жалғадым.
Өзіңменен атады,
Бақытты бол таңдарым.

Асқар тауым тірегім,
Мен деп соғар жүргегің.
Бар үмітің ақталып,
Орындалсын тілегің.

Бәйтерегім саялы,
Алақаның саялы.
Сәл көрмесе сағынып,
Кең құшагын жаяды.



ҚЫЗҒАЛДАҚ ҚЫРЛАР ҚАЙДАСЫНҚ

Әні: Аман Малдыбаев

Қызғалдақ қырлар қайдасын,
Елесің қалды сағым бол.
Сағынған жандар ойласын,
Олар да мендей жалын бол.

Іздедім сені шықтардан,
Мөлдіреп таңда тұратын.
Адалдық туын жықпаған,
Жандардан мені үгатын.

Іздедім сені ақ таңнан,
Арманға бірге баратын.
Көрсем деп биік шақтардан,
Жұлдыздай көкте жанатын.



ЖЕТТЕІҢ БЕ, КӨКТЕМІМ

Әні: Дүйсенәлі Бықыбаев

Өртеніп от демім,
Айтарым көп менің.
Жүрекке жыр сеуіп,
Жеттің бе көктемім?!

Ей, менің өткелім,
Қиналдым, шөкпедім.
Қанатты кең жайып,
Жеттің бе, көктемім.

Бар шаңды сілкіді,
Оралтып күлкіні.
Қайтадан бүр жарды,
Сезімнің бүршігі.

Даламда жаңарған,
Тоғысты сан арман.
Жарқырап күн шықты,
Көнілге тазарған.

МЕКТЕБІМ

Әні: Қазына Айтқазы

Мектебіме барап күнді санаумен,
Күзді күттім бір сағыныш алаумен.
Мен сол күні таңмен бірге жарысып,
Бара жаттым қолдағы гүл жалаумен.

Құшақтағы көк гүлдерге шаттандым,
Құбылырға тараттым да мақтандым.
Қалай ғана байқамадым келгенін,
Мектебіммен қоштастырап ақ таңның.

Уақыттың да дегеніне бағынып,
Жылдар легі өтсе-дағы ағылып.
Көк гүлдерге сағынышпен қараймын,
Сол бір кезім келер ме деп ақ үміт.



МАХАББАТ ДЕГЕН ҒАЖАЙЫП

Әні: Расул Маматқұлов

Тауысып төзім, тағатты,
Ойлаумен сені таң атты.
Махабbat деген ғажайып,
Көңілге шаттық таратты.

Жүрегім от бол жанғанда,
Жеткендей қолым арманға.
Жанымса сәүле шашқандай,
Ай көркің тамсандырғанда.

Жұлдыздай жанған жақұтым,
Жанарда тұр ғой бақытым.
Аялап өтер аяулым,
Ғашықтар қымбат уақытын.

БІЗ ЕКЕУМІЗ

Әні: Дарын Жұмәділ

Қалай айтам сені жақсы көрем деп,
Махабbat қой, қойған саған көгендеп.
Мендік жүрек, сезім, көңіл барлығы,
Бүршік атып көктем болып көгермек.

Біз екеуміз жаққан отты маздаған,
Сөндіре алмас тусінбейтін аз надан.
Көңіл-күздің жапырағы ән салып,
Қайта оралды өлеңім де жазбаған.

Қайта келді арманым да адасқан,
Көпсін мейлі, төксін мейлі көк аспан,
Шағаладай шарқ ұрған ақын жанның,
Сен дер едім бақытына жол ашқан.

КЕЛДІ КӨКТЕМ

Әні: Дүйсенәлі Бықыбаев

Бусанып дала,
Тұғандай жаңа,
Кірпігін қағып оянды.

Киқулап құстар,
Өмірге құштар,
Ән салып елге оралды.

Күлімдеп күні,
Хош иіс гүлі,
Әтірі жұпар тарады.

Қызғалдақ теріп,
Сезімді көріп,
Жымып ару қарады.

Сіркіреп жаңбыр,
Көктемгі ән-жыр,
Жанымды баурап барады.

МАЗМУНЫ

ӨМІРДІҢ АЛДА ЖАЗЫ МЫҢ	3
Мың да бір шүкір, Аллаға	6
Топырағында жұмақтың кілті қалған	7
Халықтан алғын батаны	8
Ыстық күлше	9
Айтары жоқ	12
Адамдарға сенуді доғармадым	12
Автопортрет	13
Желмен бірге жапырақтар билеп жүр	14
Ұстандар мені, ұстандар	15
Әже сенің көп үлесің бар мұнда	16
Махамбетті сатқандар...	17
Қыран далам	18
Қазағымның шығарғын даңқын, балам!....	19
Айналғанда бұлдыраған сағымға	20
Жырлаймын Тараз өзінді	21
Өмір деген-бір өкініш, бір қайғы	24
Тазалансаң - жарықсың	24
Қарапайым қоңыр күйді кешкендер	25
Мәңгі ғашық Айша бибі, Жібекке	28
Бақытты билеттей	29
Хан апа	30
Өміріне серік етіп қаламын	31
Қара көзілдірік	32
Күндерім менің	33
Ғашық болып өмірге	33
Өлеңде қалды қимас күн	34
Күнбағыстай айналдым	35
Өлеңімді күтумен	35
Қазақ әлі шуылдан даурығуда	36
Ой түбіне жеткізбейді ешқашан	37
Дұға оқып күбірлеймін іңірде	38
Жаулығынды желкен етіп кемеме	39
Елі үшін қашан да жаны құрбан	40
Ару Меркі	41

Шындыққа айналып қиялъ	42
Ақ қарға	44
Күзгі ғұлдер	45
Мустанг	48
Бабалардың өситетін қамдаған	49
Ардагер	50
Өлең менің – Торнадам	51
Сенде тұдым алаулы дала	52
Жырымнан тауып жұбаныш	53
Өмірдің алда жазы мың	54
 БОЗ ҚАРАҒАН БҮРШІК ЖАРҒАНДА	55
Гүлден десте өріп кием басыма	58
Бір тал ғұлі сиренің	59
Жалаңақ қырларында жүгірдім	60
Бозқараған түбінде жырынды оқып	61
Көктемді көрдім көзіңнен	62
Арманыңды кірлетпе	63
Ақын қыздар	64
Бірде киын, бірде құйын	65
Қоян жылғы ғажайып	66
Сол кірпілер...	71
Бір түп қаштан	72
Ботағөзге	73
Ақ дегелек	74
Қазірден ойлан	75
Ыстықөлге аққулар қонақтады	76
Достарым бар	77
Карлығаштай оралдым	78
Сіңлілерім, қызгалдақ-аруларым	79
Клеопатра	82
Қаламдастар	83
Димашқа	84
Таразым - артық сұлу шаһарлардан	85
Ай-бала	86
Бір бақыт	87
Наурызкөк	89

Файни Әлімбекқызы

Алатаудай	90
Арғымактар даласында	91
Жаңа жыл	92
Жалғыз ақку	93
Дос туралы баллада	94
Бақыт құсы	97
Бір бейне	98
Көздерінде сағыныш	99
Бәйшешектей қар астында гүлдеген	100
Құс жолы	101
Өзенде қағаз қайығым	102
Жауқазындар жұпар шашып ерекше	103
Кеп болды	104
Шашпа шумактар	105
Биік таулар.....	108
Ватсан	109
Құлаш, құлаш поэмалар жазбадым	110
 ТАҒЫ ДА КЕЛДІ БІР КӨКТЕМ	111
Тағы да келді бір көктем	114
Тәүелсіз көктуым	115
Қазақ солдаты	116
Қызы жүргегі	117
Сағыныш	118
Қайырлы таң, Әулиеата	119
О, Махабbat	120
Мәлсті аңсау	121
Дәрігер	122
Сезім гүлі	123
Келерсің өзің	124
Бала тілегі	125
Қызгалдақ қырлар қайдасың	126
Жеттін бе, көктемім	127
Мектебім	128
Махабbat деген ғажайып	129
Біз екеуміз	130
Келді көктем	131

Жыр АЙНА



Шығарушылар тобы осы кітаптың жарық көруіне демеушілік көрсеткені үшін Тараз Иінновациялық-гуманитарлық университетінің ректоры, профессор Ерболат Саурықов мырзаға, «Байсейіт би» ЖШС директоры Қарақат Сатымбаева ханымға алғыс айтады.

Той-тойға ұлассын! Егеменді еліміздің әртаңы мерейлі болсын!



ҒАЙНИ ӘЛІМБЕКҚЫЗЫ

Жыр АЙНА

Өлең кітабы

«Molia & DOS» ЖШС баспасы

**Баспа директоры және редакторы
Болатханова Баян Анарбекқызы**

*Дизайнерi Бекбаров Дастан
Суретшісi Сапаралиева Рахат
Беттегүшi Арғынбаева Назгұл*

Терілімге тапсырылған күні 28.11.2016.

Басуға 12.12.2016. қол қойылды.

Қалыбы 84x108 1/16. Қаріп түрі «Times New Roman».

Офсеттік қағаз.

Шартты баспа табағы 8,5. Есенті баспа табағы 8,5.

Қазақстан Республикасы «Molia & DOS» ЖШС баспасы,

050051, Алматы қаласы, Луганский көшесі 25/2

Байланыс тел./факс: 8 (727) 264 47 27, 328-37-24.

Моб.: 8 771 416 54 37, 8 (777) 325 27 68

E-mail: bolathanova@mail.ru / nurarlan@inbox.ru

«Molia & DOS» ЖШС полиграфиялық кешенінде басылды.

ISBN 978-601-7129-33-0



9 786017129330